

# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



## Ғибадатхана басшысы Исаға келді



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger, Lazarus  
Alastair Paterson

Бейімдеген: M. Maillot, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.  
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Бір күні Иса Ғибадатханаға барған кезде, Ол адамдардың Құдай Үйін масқаралағанын көрді. Олар малдарды сатып, ақшаны Ғибадатханада ауыстырып жатты.



Арқаннан қамшы өріп алған Иса саудагерлерді Ғибадатханадан қуып шықты. «Мына нәрселерді әкетіндер, – деп бұйырды Ол. – Менің Әкемнің Үйін сауда орнына айналдырмандар». Иса Өзінің Әкесінің Үйін жақсы көрді.



3

Діни жетекшілер Исаның Ғибадатхананы тазартуға билігі бар екенін көрсететін керемет жасауын талап етті. «Мына ғибадатхананы талқандандар, Мен оны үш күнде қайта тұрғызам», – деп жауап берді Иса. Бұл мүмкін емес! Киелі үйді салуға қырық алты жыл кеткен.



4

Бірақ Иса Өзінің Денесі туралы айтты. Ғибадатхана сияқты Оның денесі де Құдайдың мекені болатын. Иса айқышта өлуге тиісті болса да, Ол Құдайдың Өзін үш күннен кейін өлімнен тірілтіп алатынын білді.



5

Түнде киелі үйдің жетекшілерінің бірі Исаға келді. Жасаған кереметтеріне қарап, ол Исаны Құдайдың жібергенін білді. Никөдем Құдай туралы көбірек біле түсу үшін Исаға келді.



6

Иса Никөдемге адамдар Құдай Патшалығына кіру үшін жоғарыдан қайта туылу керектігін айтты. Никөдем түсінбеді. Ересек адам қалайша жаңадан туып нәресте болады? Сондай-ақ ол діншіл болатын. Мұның жеткілікті болмағаны ма?




7

«Рухтан рух туады, – деп түсіндірді Иса. – Құдайдың Рухы жел сияқты. Адамдар желді көрмейді және түсінбейді. Олар тек желдің не істегенін көреді».



8





Иса Никөдемнің есіне ираилдіктердің бір кездерде Мұсаға шағымданғанын түсірді. «Бізде тамақ та жоқ, су да жоқ, ал біз өзімізге Құдай беретін нанды жек көреміз», – деп айғайлады олар.

9




Адамдардың күнәсі Құдайды ашуландырды. Ол олардың арасына улы жыландарды жіберді. Жыландар адамдарды шақты. Көп адамдар көз жұмды.

10




«Біз күнә жасадық. Иеміз жыландарды алып кетсін деп сиыныңызшы», – деп жалынды адамдар. Сондықтан Мұса олар үшін сиынды. Бірақ Құдай жыландарды алып кетпеді.

11



Құдай Мұсаға отты жылан жасап, оны бағананың басына бекітуді бұйырды. «Жылан шағып алған әркім бағанадағы жыланға қараса, аман қалатын болады», – деп уәде берді Құдай. Мұса мыс жылан жасады, сөйтіп оған қараған әркім сауығып кетті.

12



Иса Никөдемге Адам Ұлы да дәл мыс жылан сияқты жоғары көтерілуге тиістігін айтты. Иса Өзі күнәкарлар үшін шегеленіп өлетін айқыш жайында айтқан еді.

13



Иса: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады», – деді.

14



Мұның мағынасы,  
Исаға сенген әркім  
Құдайдың отбасында  
дүниеге келеді.

15



Бәлкім Никөдем сол түні Исаның шәкірті болған  
жоқ шығар. Бірақ жылдар өте айқышқа керілген  
Құдай Ұлын жерлеуге көмектесіп,  
ол өзінің Исаны сүйіп,  
Оған сенгенін көрсетті.

16

Осыдан кейін Иса мен Оның шәкірттері  
Солтүстікке сапар шекті. Басқа адамдар да  
Құдай Патшалығы жайлы естіп, Назареттен  
шыққан Исаға, Құдай Ұлына сену  
мүмкіндігіне ие болуға тиісті еді.



17

Гибадатхана басшысы Исаға келді

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жохан 2-3, Руларды санау 21

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді  
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын  
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.  
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,  
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.  
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің  
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,  
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,  
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,  
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,  
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін  
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

41



60

19